

# ТЭКОНОМИКА

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
РАНЗИТНАЯ

В НОМЕРЕ:

3  
2016

РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ  
В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ И ПОВЫШЕНИИ  
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ЭКОНОМИКИ

КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ  
ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

АУДИТ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ КАК ИНСТРУМЕНТ СИСТЕМЫ  
УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ ОРГАНИЗАЦИИ

## ТРАНЗИТНАЯ ЭКОНОМИКА

**Научно-практический журнал «Транзитная экономика»** является одним из ведущих периодических научных изданий Республики Казахстан в области экономических наук, издается с июля 1997 года, имеет свою стабильную аудиторию.

На страницах журнала Вы найдете широкий спектр различных мнений и полезную информацию по вопросам экономической политики, разработки экономического механизма индустриально-инновационного развития Казахстана, проблемам развития отдельных отраслей и сфер экономики.

Публикации журнала ориентированы на специалистов и аналитиков республиканских и региональных органов управления, государственного сектора экономики, крупных народнохозяйственных структур, высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов, студентов, магистрантов, докторантов и круг читателей, проявляющих профессиональный интерес к проблемам социально-экономического развития. В редакционный совет входят ведущие ученые-экономисты Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья.

Периодичность выхода журнала – один раз в 3 месяца.

Подписку на журнал можно оформить во всех почтовых отделениях «Казпочта», в подписных агентствах «Казпочта», «Евразия-Пресс», «Эврика-Пресс», «Nomad Press», «Press.kz».

Индекс подписки 75781. Подписная цена на год для физических и юридических лиц – 7600 тенге.

Издатель ИП «ХАНШАЙЫМ»:

ИИК KZ90826A1KZTD2020958, КБЕ 19

в Филиале АО «АТФ Банк» г. Алматы:

БИК ALMNKZKA, БИН 721019401132

### **Условия подписки и размещение статьи:**

Обращаться в редакцию по адресу:

050050, г. Алматы, ул. Сатпаева, д. 30а, офис 62

Сайт: [www.tranzek.kz](http://www.tranzek.kz)

E-mail: [tranzit\\_ek@mail.ru](mailto:tranzit_ek@mail.ru), [ajjan1910@mail.ru](mailto:ajjan1910@mail.ru)

Телефоны: 8 (747) 373 93 26, моб. 8 (701) 373 93 26

ISSN 2413-4953

Научно-практический  
журнал  
«Транзитная экономика»

Издается с июля  
1997 года

Учредитель:  
ИП «Ханшайым»

Главный редактор  
**Айжан Асилова**

Редакционный совет:

Узан Искаков

(Казахстан)

Жанар Аубакирова

(Казахстан)

Валентина Бондаренко

(Россия)

Асан Сатмурзаев

(Казахстан)

Петя Колева

(Франция)

Айгуль Садвакасова

(Казахстан)

Ерканат Темирханов

(Казахстан)

Жангельды Шимшиков

(Казахстан)

Раушан Азбергенова

(Казахстан)

Салима Барышева

(Казахстан)

Журнал

зарегистрирован  
в Министерстве  
связи и информации  
Республики Казахстан

Свидетельство  
№ 14503-Ж

СОДЕРЖАНИЕ

ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

**Джубалиева З.У.**  
Роль информационно-коммуникационных технологий в развитии экономической интеграции и повышении конкурентоспособности экономики..... 4

ГЛОБАЛЬНАЯ И РЕГИОНАЛЬНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ

**Тусаева А.К., Кенесбекова Ж.Б.**  
Компанияның қаржылық тәуекелдері және тәуекелдерді басқару жүйесі..... 11

**Нуркашева Н.С.**  
Роль контроллинга в системе управления компаниями..... 27

МАКРОЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА

**Жигулина Ю.М.**  
Актуальность перехода на новый порядок применения ККМ в РК..... 33

**Барышева С.К.**  
Аудит трудовых ресурсов как инструмент системы управления персоналом организации..... 42

За содержание  
публикуемых в  
журнале авторских  
материалов и  
рекламы редакция  
ответственности не несет.  
Мнение автора  
не всегда совпадает  
с мнением редакции.

Подписной индекс  
75781

Формат 70×108 1/16.  
Бумага офсетная  
Печать Riso  
Тираж 500 экз.  
Цена договорная

050050, г. Алматы,  
ул. Сагпаева, д. 30а,  
офис 62

Тел.: 8 (747) 373 93 26,  
8 (701) 373 93 26

www.tranzek.kz  
tranzit\_ek@mail.ru,  
aijan1910@mail.ru

Отпечатано в  
издательском  
центре журнала  
«Транзитная экономика»

©Транзитная экономика  
2016

## ИНСТИТУТЫ И ЭКОНОМИЧЕ- СКОЕ РАЗВИТИЕ

- Кошкарбаев К.У.,  
Мендигалиев А.С.**  
Формирование рынка лизинговых  
услуг Казахстана и его текущее со-  
стояние..... 47
- Нуркашева Н.С.**  
Особенности внутреннего аудита  
затрат строительно-монтажных  
работ..... 54
- Асилова А.С., Кабдешова А.А.**  
Қазақстан Республикасының  
аумағында қолма-қол шетел  
валютасымен айырбастау  
операцияларын ұйымдастыру..... 61
- Nurgazina A.**  
Al-Farabi Kazakh National University:  
the best educational traditions and stan-  
dards within Al-Farabi Smart City..... 73
- Требования к содержанию  
и оформлению статей..... 76

## ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

УДК 338.2

**З.У. Джубалиева**, кандидат экономических наук  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
г. Алматы

### **РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕ- ГРАЦИИ И ПОВЫШЕНИИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ЭКОНОМИКИ**

**Аннотация.** В статье рассмотрено влияние информационных технологий на повышение национальной конкурентоспособности. На основании анализа отечественной и зарубежной практики отмечены условия активизации инновационного предпринимательства.

**Ключевые слова:** инновационные технологии, цифровые технологии, конкурентоспособность экономики, инновационное предпринимательство

Достижение целей устойчивого развития подразумевает поддержание расширенного использования таких революционных инновационных технологий, как мобильный Интернет, Интернет вещей, «облачные» вычисления и других, которые вносят коренные изменения в процессы производства и способствуют повышению качества жизни людей [1]. Результаты многочисленных исследований, обсуждений и наблюдений подтверждают, что технический прогресс и инновации являются одними из основных факторов долгосрочного роста. Благодаря технологиям процессы производства становятся более эффективными, повышая, тем самым, конкурентоспособность стран и уменьшая их уязвимость, обусловленную влиянием происходящих колебаний на рынках. В тоже время происходят структурные изменения, обеспечивающие переход от трудоемкой к технологически емкой экономике, что является важными условиями экономической модернизации.

Благодаря структурным изменениям страны с низким уровнем дохода приобретают необходимые возможности для преодоления разрыва в развитии и показателях дохода на душу населения в сравнении со странами с высоким уровнем дохода. В частности, значительное влияние на экономическое развитие оказывают цифровые технологии (в том числе, интернет, мобильные телефоны и другие

средства сбора, хранения, анализа информации и обмена ею в цифровой форме), распространяемые наиболее быстрыми темпами под влиянием процессов глобализации. Высокая оценка потенциала цифровых технологий в обеспечении устойчивого развития и социально-экономического роста стран обусловила принятие активных мер по расширению их доступности и развитию глобального информационного общества. Распространение информационных технологий и повышение доступности интернета оценивается в целом ряде документов, подтверждая достижения, возникающие проблемы и препятствия на пути их развития. Как видно на рисунке 1, предпринимаемые меры способствовали расширению доступности Интернет-связи и мобильного Интернета за сравнительно короткое время. Согласно данным Internet usage statistics [2], доступность Интернета в мире ежегодно повышается и в 2016г. в среднем составляла 49,2%, в Европе – 73,9%, в Северной Америке – 89%, в Азии – 44,2%. Наименьший уровень доступности Интернета сохраняется в Африке (28,6%), хотя сохраняется устойчивость темпов роста распространения Интернета с 1-3% в начале 2000-х годов до 9-10% – в последние годы.




Рисунок 1 – Количество пользователей Интернет сети в 2005-2016 гг.

Примечание – составлено по данным Internet World Stats [2]

Как указывается в [3], в развивающихся странах число домохозяйств, располагающих мобильным телефоном, выше, чем имеющих доступ к электричеству или чистой питьевой воде; мобильными телефонами владеют почти 70% тех, кто относится к нижнему квинтилю населения. За последнее десятилетие количество пользователей интернета выросло более чем втрое. Хотя уровень доступности

Интернета неодинаков в различных регионах и даже в пределах отдельных стран, тем не менее, внедрение мобильных технологий в обществе приводит к увеличению общей их полезности при снижении издержек [4]. Массовыми пользователями беспроводная связь воспринимается уже как неотъемлемая часть повседневной жизни, поскольку мобильная связь и мобильный интернет удовлетворяют базовую потребность индивидуума всегда быть на связи. Таким образом, масштабное распространение информационных технологий, цифровая революция принесли существенные выгоды, прежде всего частным лицам, тем не менее, в целом положительный эффект можно наблюдать и на уровне развития национальных экономик. Например, повышение простоты и удобства общения и получения информации, появление бесплатных цифровых продуктов, возникновение новых форм досуга способствовали формированию новых возможностей для развития бизнеса и получения доходов. В частности, электронная торговля оказывает преобразующее воздействие на глобальную экономику, и недавние тенденции показали ее влияние на глобальные производственные системы, формирование новых моделей организации бизнеса. Например, в 2015 г. около 16% ВВП Китая составляла доля электронной торговли [5]. Соответственно отдельными предприятиями и государствами в целом ожидается получение значительного положительного эффекта, в результате качественного развития производственно-коммерческой деятельности на основе внедрения современных информационно-коммуникационных технологий. Для дальнейшего развития традиционных направлений использования цифровых технологий компании ведут поиски новых областей развития.

Говоря о роли Интернета в экономическом развитии, в качестве основных положительных сторон отмечается [6]:

- расширение доступа к источникам знаний, информации и навыков;
- включение более широкого политического участия и обсуждений;
- снижение барьеров для доступа малых и микро-предприятий к инновациям, обеспечивающим конкурентоспособность и достижение успеха.

В связи с этим, как уже было отмечено, одной из приоритетных задач мирового масштаба было определено обеспечение всеобщей доступности интернета, в том числе, ценовой. Привлечение внимания на международном уровне к необходимости распространения Интернет технологий для повышения информационной доступности способствовало развитию инфраструктуры ИКТ, расширению доступности Интернета как для городского, так и сельского населения. Обсуждаются проблемы как физической, так и ценовой

доступности Интернет связи, а также вопросы гендерного равенства в использовании ИКТ. Все это способствует также стремительному развитию сферы интернета вещей, касающейся сфер образования, здравоохранения, сельского хозяйства.

Дальнейшее повышение эффективности использования цифровых технологий определяется различными факторами. Становится очевидным, что их применение, способствующее обеспечению масштабной отдачи, требует соответствующего совершенствования условий их применения [6]. Как уже отмечалось, для повышения эффективности цифровых технологий необходимо повышение доступности Интернета, а также повышение его ценовой доступности, и обеспечение безопасности использования. Важность данного условия подтверждается сохранением недоступности Интернета для населения наименее развитых стран, что отдаляет их от возможности применения Интернет связи.

Направления повышения эффективности использования цифровых технологий в целом связаны с повышением доступности и безопасности Интернета, и переосмыслением его роли [3]:

Сделать Интернет	доступным	недорогим	открытым и безопасным
Распространять выгоды	интеграции	эффективности	инноваций
Снижать риски	контроля	неравенства	концентрации
Примечание – составлено по источнику [3]			

Недостаток знаний и специального образования может приводить к усилению неравенства, что определяет необходимость усиления мер по развитию человеческого капитала. Хорошая организация профессиональной подготовки на базе интернета помогает работникам повышать квалификацию. Кроме того, цифровые технологии способствуют расширению информационной базы, снижают информационные издержки, а также способствуют созданию информационных товаров и услуг. Это значительно упрощает поиск необходимой информации, ее анализ и обмен информационными ресурсами, что отражается на экономической эффективности деятельности предприятий. Повышается эффективность принимаемых решений.

В тоже время, как показывает опыт многих стран, цифровые технологии создают возможности для ускорения роста, но они часто бывают упущены в связи с отсутствием необходимых условий, инвестиционных ресурсов и навыков. В частности, в Докладе ЮНКТАД 2015 г. было отмечено стремительное развитие и эволюция электронной торговли между развитыми и развивающимися странами [7]. При этом электронная торговля оказывает преобразующее воздействие на глобальную экономику, и существующие тенденции



показывают ее влияние на глобальные производственные системы. Она создает как возможности, так и проблемы, в свете чего особенно важны адекватные политические меры реагирования. Однако необходимо проведение дополнительной работы для обеспечения благоприятной среды для электронной торговли, которая бы вела к социальной интеграции и способствовала экономическому росту и устойчивому развитию. [8].

Важно повышать подготовленность местных кадров, в особенности на уровне руководителей среднего звена, в целях укрепления местных предприятий электронной торговли и обеспечения эффективности управления ими. Другая важная задача во многих странах – развитие инфраструктуры (транспортных, почтовых и других услуг).

В Казахстане, как и в других странах, можно видеть по данным статистики устойчивый рост затрат на развитие и распространение интернет коммуникаций. Ежегодно увеличивается количество пользователей Интернета как среди граждан, так и среди организаций и предприятий, большое значение придается развитию услуг электронного правительства. В среднем по республике доступность Интернет услуг составляет в 2016 г. 54,3% [2], что обеспечивает значительные возможности для конкурентоспособного развития экономики. Расширению возможностей развития цифровых технологий способствует также развитие отраслей инфраструктуры (транспортных, логистических услуг, услуг связи и т.п.). Вместе с тем, как отмечается в аналитическом докладе, существуют проблемы с подготовкой квалифицированных кадров. Учитывая зарубежный опыт, можно отметить, что в отечественных условиях для получения положительного эффекта от эффективного использования цифровых технологий необходимо обращение внимания на комплекс трех направлений: развитие интеграции, эффективности и инноваций на уровне отдельных компаний, населения и правительства [3]:

	Интеграция	Эффективность	Инновации
Компании	Торговля	Использование капитала	Конкуренция
Население	Возможности занятости	Производительность труда	Благополучие потребителей
Правительство	Участие	Потенциал государственного сектора	Право голоса
Примечание – приведено по источнику [3]			

Таким образом, развитие инновационных технологий и развитие цифровых услуг связано с такими выгодами для компаний, потребителей и населения, как создание новых рабочих мест в секторе ИКТ, повышение производительности труда, увеличение дополни-

тельных выгод от доступа к информации, развития коммуникаций. Интернет способствует наращиванию конкурентного потенциала компаний и их работников, повышению устойчивости и конкурентоспособности экономики при соблюдении баланса интересов.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Industrial Development Report 2016. The Role of Technology and Innovation in Inclusive and Sustainable Industrial Development. – United Nations Industrial Development Organization, 2016. Электронный ресурс. Режим доступа: [https://www.unido.org/fileadmin/user\\_media\\_upgrade/Resources/Publications/EBOOK\\_IDR2016\\_FULLREPORT.pdf](https://www.unido.org/fileadmin/user_media_upgrade/Resources/Publications/EBOOK_IDR2016_FULLREPORT.pdf)
2. Internet usage statistics. <http://www.internetworldstats.com>
3. World Development Report – 2016. Digital dividends. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://documents.worldbank.org/curated/en/896971468194972881/pdf/102725-PUB-Replacement-PUBLIC.pdf>
4. Ежемесячный экономический обзор. – Национальный аналитический центр. Март, 2015 г. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.nac.gov.kz/upload/iblock/4ce/4ce8e8f1ce31ef7acf3167bba7850db0.pdf>
5. Интернет в Китае. Электронный ресурс. Режим доступа: [http://www.bizhit.ru/index/www\\_word\\_users\\_kitaj/0-175](http://www.bizhit.ru/index/www_word_users_kitaj/0-175)
6. Доклад об информационной экономике. 2015г. Высвобождение потенциала электронной торговли в интересах развивающихся стран. Обзор. – ООН. – 2015.
7. Доклад Совещания экспертов по киберзаконодательству и регулированию в целях укрепления электронной торговли, включая тематические исследования и извлеченные уроки. ЮНКТАД, 25-27 марта 2015 г. [http://unctad.org/en/PublicationsLibrary/ier2015overview\\_ru.pdf](http://unctad.org/en/PublicationsLibrary/ier2015overview_ru.pdf)
8. World development report. 2016. Concept note/ December. – 2014.

**З.У. Джубалиева**, экономика ғылымдарының кандидаты  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ.

### **Экономикалық интеграцияның дамуындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру**

**Түйіндеме.** Мақалада ұлттың бәсеке қабілеттілікті көтеру үшін ақпараттық жүйелердің әсер етуі қарастырылған. Мемлекеттік және шетелдік тәжірибені талдау негізінде инновациялық кәсіпкерлікті белсенді іске қосу шарты белгіленген.

**Түйін сөздер:** инновациялық технологиялар, цифрлық технологиялар, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, инновациялық кәсіпкерлік.

**Z.U. Dzhubalieva**, candidate of economic sciences  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
Almaty

**The role of information and communication technologies in the development of economic integration and improvement of economic competitiveness**

**Abstract.** The article reviews the impact of information technologies on improving thenational competitiveness. Based on the analysis of domestic and foreign practice, the article notes the conditions for activating of innovative entrepreneurship.

**Keywords:** innovative technology, digital technologies, economic competitiveness, innovative entrepreneurship.

ӘОЖ 336.64

**А.К. Тусаева**, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Нархоз университеті

**Ж.Б. Кенесбекова**, несие менеджері, «Ауыл шаруашылықты  
қаржылық қорғау қоры» АҚ  
Алматы қ.

### КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

**Түйіндеме.** Мақалада қаржылық тәуекелдердің мазмұны және оларды басқару жүйесі зерттелген. Қаржылық тәуекелдерді анықтаудың шетелдік үлгілері қарастырылған. Сонымен қатар, қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар әзірленген.

**Түйін сөздер:** тәуекел, қаржылық тәуекел, қаржылық тәуекелдерді басқару.

Бүгінгі таңда Қазақстан кәсіпорындарында тәуекелдерді басқару мәселелеріне деген зейіннің өсуі айқын көрініп отыр. Көптеген компанияларда тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілгенімен, әлемдегі экономикалық және саяси тұрақсыздыққа сәйкес, осы басқару жүйелерін үздіксіз жетілдіріп және оңтайландырып отыру қажеттілігі бар.

Кез-келген кәсіпкерліктің мақсаты, бәсекеге қабілетті ортада барынша төмен шығын шығара отырып, максималды түрде пайда табу болып табылады. Көрсетілген мақсатты жүзеге асыру, өндірістік-саудалық қызметке салынған капитал өлшемін, бұл қызметтің қаржылық нәтижелерімен салыстыруды талап етеді. Алайда, шаруашылық қызметтің кез-келген түрін жүзеге асыру барысында, объективті түрде жоғалту (тәуекел) қаупі пайда болады.

Тәуекел – бұл күрделі және көпқырынды категория. Ғылыми әдебиеттерде олардың әртүрлілігін айқындайтын көптеген түрлері көрсетіледі (өндірістік, валюталық, инвестициялық, саяси және т.б.). Қаржылық менеджерлер, қаржылық активтерге қатысты, сонымен қатар, жалпы кәсіпорын қызметі мен инвестициялық жобаларды басқаруға қатысты тәуекелдерге ерекше қызығушылық арттырады.

Осылайша, тәуекел, анықталған қаржылық жоғалтулардың деңгейі, алға қойған мақсатқа жете алмау мүмкіндігі, болжанған

нәтиженің анықсыздығы, жобалық нәтижелерді бағалаудағы субъективтілік ретінде анықталады.

Ғылыми дәлелденген тәуекелдердің жіктемесі, жалпы жүйедегі әрбір тәуекелдің орнын нақты анықтауға, сонымен қатар, басқарудың тиісті әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануға мүмкіндік тудырады. Әрбір тәуекелдің, өзіне тән тәуекелді басқару тәсілі болады. Кез-келген кәсіпорын тәуекелден бас тартуы мүмкін, бірақ, бұл мүмкін болатын табыстан бас тарту дегенді білдіреді. Сондықтан да, тәуекелдің деңгейі мен көлеміне қаржылық механизм арқылы әсер етуге болады.

Қаржылық тәуекелдердің пайда болулары мен әсер ету деңгейлері әртүрлі факторлармен анықталады. Олар: инфляциялық үдерістер, нарық конъюнктурасының өзгеруі, тұтынушылық сұраныс, жаңа қаржылық құралдар мен технологияларды игеру, қаржылық қатынастар саласының өсуі, халықтың төлемқабілеттілігі, өндірілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер нарығының нығаюы.

Кәсіпорынның қаржылық тәуекелдері келесі негізгі сипаттарға ие:

– Экономикалық табиғаты. Қаржылық тәуекел кәсіпорынның экономикалық қызмет аясында көрініс табады, сонымен қатар, оның табысын қалыптастырумен тікелей байланысты болады және қаржылық қызметті жүзеге асыру үдерісінде оның мүмкін болатын экономикалық жоғалтулармен сипатталады.

– Объективті көрінісі. Қаржылық тәуекел кез-келген кәсіпорын қызметін жүзеге асыру барысында объективті көрініске ие болады; ол қаржылық операциялардың барлық түрін және оның қаржылық қызметінің бағыттарын ілестіреді. Тәуекел қаржылық менеджердің бұл жағдайды қабылдап, не қабылдамауына қарамастан, табысты күтумен байланысты кез-келген қаржылық шешімге тән. Алайда, тәуекелді қаржылық шешімді қабылдау субъективті сипатқа ие болады, ал тәуекелдің пайда болуының объективті көрінісі өзгеріссіз қалады. Бұл қаржылық қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелге деген саналы байланысты анықтайды.

– Әрекетті таңдау шарттары. Қаржылық тәуекел өзінің бұл сипатында қалай шешім қабылдау (таңдау) кезеңінде көрінсе, солай оны жүзеге асыру кезінде де көрініс табады. Таңдау шарты кезіндегі әрекет ретінде қаржылық тәуекел, алдағы кезеңдегі қаржылық қызметті жүзеге асырудың мүмкін болатын шарттарын дамытудағы қайшылықтарды шешудің әдісі болып табылады. Басқаша айтқанда, қаржылық тәуекел, тәуекелдің жағдайдың көрінісі емес, ол шарасыз таңдау кезінде бұл жағдайдан шығуға бағытталған, шешім қабылдаушы субъектінің нақты әрекеті болып табылады.

– Баламалы таңдау. Кез-келген анықсыздық немесе тәуекел жағдайында екі таңдау болады – тәуекелді қабылдау немесе одан бас тарту.

– Мақсатты қадам. Қаржылық тәуекел әрқашан нақты мақсатқа байланысты қарастырылады. Бұл мақсат, жалпы қаржылық қызмет немесе жеке қаржылық операцияны жүзеге асыру нәтижесінде белгілі бір табыс сомасын алу болып табылады. Бұл қатынаста қаржылық тәуекел басқару шешімдерін дұрыс қабылдамау әсерінен мақсатқа жете алмау мүмкіндігін көрсетеді. Алынған қаржылық нәтиженің алға қойылған мақсатты көрсеткіштермен сәйкес келмеуі, қаржылық тәуекелді білдіреді.

– Нәтиженің анықсыздығы. Бұл қаржылық тәуекелдің сипаты, қаржылық шешімдерді қабылдау үдерісінде, қаржылық нәтижені сандық анықтай алмау мүмкіндігімен анықталады. Қаржылық тәуекелдермен байланысты, қаржылық менеджердің әрекеті салдарынан, мақсатты нәтижеден оң немесе теріс ауытқу да болуы мүмкін. Бұл жағдайда, қаржылық операциялардың нәтижелік деңгейі, қаржылық тәуекелдің түрі мен деңгейіне байланысты тұрақсыз болуы да ықтимал. Қаржылық тәуекелдің бұл анықсыздық салдары анықсыздық шарттарында да, тәуекел шарттарында да көрініс табады.

– Бағалаудың субъективтілігі. Қаржылық тәуекелдің объективті көрінісіне қарамастан, қаржылық тәуекелдің деңгейін бағалау субъективті сипатқа да ие болады.

Тиімді басқару шешімдерін орындау мақсатында, кәсіпорынның қаржылық тәуекелдері белгілі бір жіктеулерді талап етеді. Кәсіпорынның қаржылық тәуекелдерінің жіктелген белгілерінің негізгі құрамына келесілерді жатқызуға болады: тәуекелдің пайда болу көзі, қаржылық тәуекелдің түрі, тәуекелді бағалаудың сипатталатын объектісі, қаржылық тәуекелдің кешенділігі, тәуекелдің мүмкін болатын қаржылық нәтижелерінің сипаты, тәуекелдің пайда болу мерзімі, тәуекелді жүзеге асырудың мүмкін деңгейі, тәуекел бойынша мүмкін болатын қаржылық жоғалтулар деңгейі, тәуекелді алдын-ала көру мүмкіндігі және тәуекелді сақтандыру.

Тәуекел деңгейін төмендету үшін түрлі әдістер қолданылады. *Әртараптандыру* (диверсификация) тікелей байланысты емес түрлі нысандар арасындағы күрделі салымдарды бөлу процесі болып табылады. Әртараптандыру, әртүрлі қызмет түрлері арасында капиталды бөлу барысында тәуекелден алдын алуға мүмкіндік береді. Сонымен, инвестор бір акционерлік қоғам орнына бірнеше түрлі акционерлік қоғам N акцияларын сатып алу табыс ықтималдылығын N есеге көбейтеді және сәйкесінше тәуекел деңгейін N есе төмендетеді. Мысалы, инвестордың бір акционерлік

қоғамның акцияларының орнына, бес акционерлік қоғамның акцияларын алу, оған орташа табысты бес есе алуға, сәйкесінше, бес есе тәуекелдің деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Әртараптандыру, қаржылық тәуекелдер деңгейін төмендету тәсілдерінің ішіндегі ең дәйектісі болып табылады. Әртараптандыру инвестициялық тәуекелді шашыратумен сипатталады. Бірақ, инвестициялық тәуекел қаупін нөлге дейін азайтпайды. Бұл кәсіпкерлікке, шаруашылық субъектінің инвестициялық қызметіне, күрделі салымдардың нақты объектілерін таңдаумен байланысты емес, сыртқы факторлар әсер етеді. Сыртқы факторлар жеке шаруашылық субъектіге емес, барлық инвестициялық институттар, банктер, қаржылық компаниялардың қаржылық қызметіне әсерін тигізеді.

Кәсіпорынның қаржылық тәуекелдерін әртараптандырудың негізгі формалары ретінде келесі оның бағыттары қолданылуы мүмкін:

– қаржылық қызмет түрлерін әртараптандыру – қысқа мерзімді қаржылық салымдар, несиелік портфельдің құрылуы, нақты инвестициялауды жүзеге асыру, ұзақ мерзімді қаржылық салымдар портфелінің құруы және т.б. сияқты әртүрлі қаржылық операциялардан табыс табудың альтернативті мүмкіндіктерін қолдануды қарастырады;

– валюталық портфельді әртараптандыру – сыртқы экономикалық операцияларды жүргізу үшін бірнеше валютаны таңдау (кәсіпорынның валюталық тәуекелі бойынша жоғалтуларды төмендету қамтамасыз етіледі).

– депозиттік портфельді әртараптандыру – үлкен көлемді уақытша бос ақша қаражаттарды бірнеше банкте сақтау. Өйткені, ақшалай қаражаттарды орналастыру бұл жағдайда айтарлықтай өзгермейді, бұл әртараптандыру бағыты, табыстылық деңгейін төмендетусіз, портфельдің депозиттік тәуекел деңгейін төмендетуді қамтамасыз етеді

– несиелік портфельді әртараптандыру – кәсіпорын өнімдерін тұтынушылардың әртүрлілігі мен оның несиелік тәуекелін төмендетуге бағытталған.

– бағалы қағаздар портфелін әртараптандыру – табыстылық деңгейін төмендетусіз, портфельдің жүйелік емес тәуекелдер деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

– нақты инвестициялау жобаларын әртараптандыру – бағдарлама бойынша жалпы инвестициялық тәуекелді төмендетуге мүмкіндік беретін, инвестициялау бағдарламасына әртүрлі салалық және жергілікті бағыттағы инвестициялық жобаларды қосуды қарастырады.

*Лимиттеу* – бұл шек қою, яғни шығыстар, сатулар, несиелер және тағы басқалардың шекті сомасын бекіту. Лимиттеу- тәуекел деңгейін төмендетудің маңызды құралы болып табылады және шектеуді банктер қарыз беруде, овердрафт келісімшартына отырғанда; шаруашылық жүргізуші субъектілер тауарларды несиеге (несие карточкасы бойынша), жол чектері және еврочектер бойынша сату, инвесторлар капитал салымы сомасын анықтау кезінде қолданады. Кәсіпорында шектеу қаржылық саясатты құру үдерісінде, сәйкес ішкі нормативтер құру жолымен іске асырылады. Бұл нормативтер жүйесі келесілерден тұруы мүмкін:

– шаруашылық қызметте қолданылатын қарыз қаражаттарының шекті нормасы (үлес салмағы). Бұл шек кәсіпорынның инвестициялық және операциялық қызметтері үшін, кейбір жағдайда – жеке операциялар үшін де (нақты инвестициялық жобаны қаржыландыру, айналымды активтердің құрылуын қаржыландыру және т.б.) жеке құрылады;

– жоғары өтімдігі нысандағы активтердің ең төменгі мөлшері (үлес салмағы). Бұл шек кәсіпорынның алдағы жедел қаржылық міндеттемелерін жабу мақсатымен жоғары өтімді активтерді резервтеу көлемін сипаттайтын «өтімділік қоры» құрылуын қамтамсыз етеді. «өтімділік қоры» ретінде бірінші кезекте кәсіпорынның қысқа мерзімді салымдары, сонымен қатар, оның қысқа мерзімді дебиторлық берешегі танылады;

– бір тұтынушыға берілетін тауарлық (коммерциялық) немесе тұтынушылық несиенің максималды көлемі. Несиелік лимит көлемі кәсіпорынның несиелік саясатының құрылуы барысында анықталады;

– бір банкте орналастырылған депозиттік салымның максималды көлемі. Депозиттік тәуекелді шектеу, бұл қаржылық құралды кәсіпорынның капиталын инвестициялауда қолдану үдерісінде жүзеге асырылады;

– бір эмитенттің бағалы қағазға салған салымдарының максималды көлемі.

– Бұл лимиттеудің формасы бағалы қағаздар портфелінің құрылуы барысында жүйелік емес (спецификалық) тәуекелдердің шоғырлануын төмендетуге бағытталған.

*Хеджирлеу* (ағыл. *heaging* – сақтандыру, қоршау) – банктік, биржалық және коммерциялық тәжірибеде, валюталық тәуекелдерді сақтандырудың әртүрлі әдістерін белгілеу үшін қолданылады. Шетелдік автор Э.Дж. Доланның «ақша, банк ісі және ақшалай-несиелік саясат» оқулығында бұл терминге келесідей анықтама берілген: «Хеджирлеу – айырбас валюта курсының мүмкін болатын болашақ өзгерістерін есепке алатын және бұл өзгерістердің жағымсыз салдарын болдырмау мақсатын көздейтін, фьючерстік



келісім-шарттар мен мәмілелер жасау жүйесі». Валюта бағамдарының қатерлерден сақтау үшін пайдаланылатын келісім-шарт, «хедж» (ағыл. hedge – қоршау) деп аталады. Хеджирлеуді жүзеге асыратын шаруашылық субъект «хеджер» болып табылады. Бұл әдіс бағаны белгілеуге, сонымен қатар, табыстар мен шығыстарды көбірек болжауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, хеджирлеумен байланысты тәуекел жоғалмайды. Оны спекулянттар, яғни белгілі бір алдын-ала есептеген тәуекелге баратын кәсіпкерлер өздеріне алады.

Өз қызметі барысында кәсіпорындар тәуекелді сақтандыру әдісін жиі қолданады. *Тәуекелдерді сақтандыру* – сақтандыру оқиғасы болған жағдайда, кәсіпорынның мүліктік мүдделерін арнайы сақтандыру компаниялары (сақтандырушылар) арқылы қорғау болып табылады. Сақтандыру, сақтандырушылардан сақтандыру сыйақыларын алу жолымен құрылатын ақшалай қорлар есебінен жүргізіледі. Сақтандыру үдерісінде, кәсіпорынға оның негізгі тәуекелдерінің барлық түрі бойынша (жүйелік, жүйелік емес) сақтандыру арқылы қорғау қамтамасыз етіледі. Сақтандырушылардың қызметіне жүгіне отырып, кәсіпорын бірінші кезекте сақтандыру объектісін (сыртқы сақтандыруды қамтамасыз ететін тәуекел түрлері) анықтау керек.

*Өзін-өзі сақтандыру* (ішкі сақтандыру, резервтеу) – кәсіпорынның өз ресурстарының бөлігін резервте сақтауға негізделген, біртектес тәуекелдер бойынша жағымсыз салдарды жеңуге мүмкіндік беретін тәуекелді төмендету әдісі болып табылады. Өзін-өзі сақтандыру барысында кәсіпорын, бағытталу мақсатына байланысты ақшалай және натуралды нысанда болатын қорлар құрайды.

Өзін-өзі сақтандыру келесі жағдайларда қажет болады:

– тәуекелді төмендетудің басқа әдістеріне қарағанда, осы әдісті қолданудың экономикалық пайдасы байқалған жағдайда;

– кәсіпорынның тәуекелдерін төмендету мен жабу қажеттілігін басқа да тәуекелдерді басқару әдістері арқылы қамтамасыз ете алмаған жағдайда.

*Қаржылық тәуекелдерді басқару* белгілі бір қағидаларға негізделе отырып жүргізіледі:

1. Тәуекелді саналы түрде қабылдау. Кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыру барысында табыс табуға үміттенсе, саналы түрде тәуекелге баруы қажет.

2. Қабылданған тәуекелдерді басқара алу. Портфель құрамына басқару процесі кезінде оңай бейтараптандырылатын тәуекелдер кіреді, бұл жағдайда ең төменгі тәуекел кезінде тұрақты табысты қамтамасыз ету шарттарын құру оңайға түседі.

3. Жеке тәуекелдерді басқарудағы тәуелсіздік. Тәуекелдің әр түрлі типтері бойынша қаржылық жоғалтулар бір-біріне тәуелсіз және оларды басқару кезінде әрқайсысы жеке бейтараптандырылуы қажет.

4. Тәуекелді басқару кезінде уақыт факторын есепке алу. Тәуекелді басқару кезінде кәсіпорын уақыт дәрежесін есепке алуы қажет, себебі, операцияны жүргізу уақыты қаншалықты аз болған сайын, соншалықты қаржылық тәуекел көлемі азайып отырады.

5. Тәуекелді басқару кезінде кәсіпорын стратегиясын есепке алу. Қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесі, кәсіпорын өзі дайындаған жалпы критерийлер мен тәсілдерге негізделуі тиіс.

Қаржылық тәуекелдерді басқару белгілі бір механизмдерге негізделеді. Қаржылық тәуекелдерді басқару механизмі, кәсіпорынның қаржылық қызметі барысында, тәуекелді шешімдерді қабылдау үрдісіне әсер ететін негізгі элементтер жиынтығынан тұрады.

1. Қаржылық қызметті бақылау жүйесі:

– кәсіпорынның қаржылық қызметін мемлекеттік нормативтік-құқықтық реттеу;

– кәсіпорынның қаржылық қызметін реттейтін нормативтік актілер, заңдарды қабылдау, бұл саясаттың заңнамалық және нормативтік негіздері кәсіпорынның қаржылық қызметін және оның әртүрлі формадағы қаржылық тәуекелдерден қорғалуын қамтамасыз етеді;

– кәсіпорынның қаржылық қызметін реттеудің нарықтық механизмі;

– тәуекел-менеджменттің жеке аспектілерін реттеудің ішкі механизмі.

2. Кәсіпорынның қаржылық қызметін ішкі қолдау:

– кәсіпорынды қаржыландырудың мемлекеттік және өзге де ішкі нысандары;

– кәсіпорынды несиелеу;

– лизинг;

– сақтандыру.

3. Қаржылық тұтқалар жүйесі, қаржылық қызмет аясында басқару шешімдерін жүзеге асыру және қабылдау үдерісіне әсер ететін келесі негізгі нысандарды кіріктірі еді: баға; пайызды; пайданы; таза ақшалай ағынды; өзге де экономикалық тұтқаларды.

4. Қаржылық әдістер жүйесі, кәсіпорынның қаржылық қызметінің түрлі салаларындағы басқарушылық шешімдер негізделіп, бақыланытын негізгі әдістер мен тәсілдерден тұрады:

– техника-экономикалық есептеу әдісі;

– баланстық әдіс;

– экономика-математикалық әдістер;

- эксперттік әдістер;
- құнды дисконттау әдісі;
- активтерді амортизациялау әдісі;
- хеджирлеу әдісі;
- өзге де қаржылық әдістер.

5. Қаржылық құралдар жүйесіне: төлемдік құралдар, несиелік құралдар, депозиттік құралдар, инвестициялау құралдары, сақтандыру құралдары, өзге де қаржылық құралдар жатады.

Қаржылық тәуекелдерді басқарудың әдіс-тәсілдерін қарастырайық. Барлық тәуекелді бағалаудың әдістерін үлкен екі топқа бөлуге болады: *сандық және сапалық*. Сандық әдіске, капитал/ақшаны жоғалту ықтималдылығының объективті, сандық бағалауын жатқызамыз және де талдаудың статистикалық әдісін қолданамыз. Ал сапалық әдіс, тәуекелдің пайда болу ықтималдылығына субъективті баға береді. Сандық әдісті қолданудың артықшылығы, қаржылық тәуекелдің ағымдағы деңгейін тез есептеп, диагностика жасауға мүмкіндік береді. Сапалық әдісті қолданудың артықшылығы, тәуекелдің пайда болуына әсер ететін сапалы факторларды бағалауға мүмкіндік береді.



1-сурет. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың әдіс-тәсілдері

Ескерту – [1] қолданылған әдебиет негізінде

Қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесі кәсіпорынға акционерлері мен инвесторлары үшін, оның құнын арттыруға мүмкіндік береді. Американдық ғалымдар Е. Метрика мен П. Гомперстің 1500 компанияға жасаған талдауы, олардың құнының өсу қарқынының айтарлықтай айырмашылығын көрсетті. Осылайша, қаржы тәуекелдерін басқарудың жоғары стандарттары

бар компанияларда, жыл сайынғы құнының өсу қарқыны 10%-ға жоғары болғаны байқалған [1].

Қаржылық тәуекелді басқару, кәсіпорын қызметінде маңызды мәселенің бірі болып табылады. Ол кәсіпорынның қызмет үдерісінде тұрақты қаржылық жағдайын жоғалту мүмкіндігімен байланысты және кез-келген экономикалық шешім қабылдаудың маңызды элементі болып табылады. Қаржылық тәуекелдерді басқару үдерісі кәсіпорынға табыстылық пен рентабельділіктің мақсатты көрсеткіштеріне жетуге, сонымен қатар, ресурстарды тиімсіз пайдаланудың алдын-алуға мүмкіндік береді.

Қаржылық тәуекелдерді басқару механизмінің негізгі бөлігі тәуекелді талдау жүйесі болып табылады. Қаржылық тәуекелді талдау, қаржылық тәуекелдерлі объективті бағалау мен идентификациялау мақсатында кәсіпорынның қаржылық қызметінің негізгі нәтижелері мен қаржылық жағдайына әсер ететін, ішкі және сыртқы ортаның шарттарын зерттеу үдерісі болып табылады. Көптеген қаржылық операциялар тікелей тәуекелмен байланысты болып келеді. Олар тәуекелдің деңгейін бағалап және оның көлемін анықтауды талап етеді. Тәуекел деңгейі – жоғалту қаупінің пайда болуы мен одан болатын залал көлемі. Кәсіпкерлік жоғалту, ең алдымен, кәсіпкерлік табыстың азаюымен байланысты. Дәл осындай жоғалту қаупі, тәуекелдің деңгейін сипаттайды. Сондықтан, ең алдымен, тәуекелді талдау үшін осындай жоғалтуларды білу қажет. Кәсіпорынның қаржылық тәуекелдерін талдаудың негізгі формалары келесі суретте көрсетілген:

Тәуекелді талдау, қаржылық тәуекелді басқарудағы ең көп қиындық тудыратын кезеңдерінің бірі болып табылады, сондықтан, оларды бірін-бірі толықтыратын екі негізгі кезеңге бөліп қарастырады: сандық және сапалық. Сапалық талдау – мүмкін болатын барлық тәуекелдерді сәйкестендіруді (идентификациялауды) білдіреді, оның негізгі мақсаты – тәуекелдің факторларын, жұмыс кезеңдерін анықтау болып табылады. Бірақ, сапалық талдаудың баламалылығы көбінесе, басшының жеке қасиеттеріне байланысты болып келеді, бұған қоса, әр уақытта және әртүрлі жағдайда тәуекел түрлі тәсілдермен бағалануы мүмкін. Сандық тәуекел – жалпы қаржылық тәуекел мен қаржылық тәуекелдердің жеке түрлерінің қаржылық залалының нақты көлемін анықтау. Кей жағдайда, сандық және сапалық талдауды, ішкі және сыртқы факторлардың әсерін бағалау негізінде жүргізеді: олардың кәсіпорын қызметіне әсер етуінің үлес салмағын элементтер бойынша бағалау жүзеге асырылады, мысалы, ішкі және сыртқы факторларды SWOT-анализ ескереді (strength, weaknesses, opportunities, treats) ал егжей-тегжейлі талдау жасауға ADL моделі мүмкіндік береді және күрделілігімен ерекшеленеді. Бұдан басқа,

бұл модельдер нақты қаржылық тұрақтылықты анықтау үшін қажет. Қаржылық тұрақтылықты бағалаудың ең оңтайлы нұсқасы түрлендірілген *Z – моделі* болып табылады:

$$R = A1 * X1 + A2 * X2 + A3 * X3 + A4 * X4 + A5 * X5 + A6 * X6 > 0, \quad (1)$$

мұндағы:

R – рейтингтік сан;

X1 – кәсіпорынның меншікті қаражаттарымен қамсыздандырылу коэффициенті;

X2 – ағымдағы өтімділік коэффициенті;

X3 – меншікті капиталдың рентабельділігі;

X4 – кәсіпорынды капиталдандыру коэффициенті (меншікті капиталдың нарықтық құнының, тартылған қаражаттардың баланстық құнына қатынасы);

X5 – активтердің нарықтық құнының, кәсіпорынның барлық міндеттемелеріне қатынасын көрсететін жалпы төлемқабілеттілік көрсеткіші;

X6 – өткізуден түскен түсімнің, кәсіпорынның ағымдағы міндеттемелер көлеміне қатынасын анықтайтын менеджмент коэффициенті;

A1, A2, A3, A4, A5, A6 – модельдің әрбір факторының маңыздылық көрсеткіштері.

Бұл коэффициенттер, кәсіпорынның шаруашылық қызметі мен оның қаржылық тұрақтылық деңгейінің көрсеткіштері болып табылады. Олар кәсіпорындағы қаржылық тұрақтылықтың қолайсыз даму тәуекелін көрсетеді.

Тәуекел мүмкін болатын, ықтималды жоғалтулар көлемімен өлшенетінін айта келіп, бұндай жоғалтулардың кездейсоқ сипатын есепке алу қажет. Оқиғаның болу ықтималдылығы объективті және субъективті әдіспен анықталуы мүмкін. Жиілікті есептеу негізінде оқиғаның болу ықтималдылығын объективті әдіс арқылы анықтайды. Ал субъективті әдіс, әртүрлі болжамдарға негізделген субъективті критерийлерді қолдануға негізделеді. Бұндай болжамдарға бағалаушының үкімі, оның жеке тәжірибесі, сарапшының рейтинг бойынша бағасы, аудитор-кеңесшінің пікірі және т.б.

Статистикалық әдістің мәні, өнеркәсіпте орын алған жоғалтулар мен пайданың статистикасы зерттеледі, экономикалық пайданы алудың жиілігі мен мөлшері белгіленіп, болашаққа неғұрлым нақты болжам құрастырылады.

Қаржылық тәуекелдерде де, басқа да тәуекелдер сияқты, статистикалық деректерге негізделіп, жоғары дәлдікпен есептеуге болатын, математикалық өрнектелген жоғалту ықтималдылығы

болады. Қаржылық тәуекел көлемін сандық есептеу үшін, мүмкін болатын кез-келген іс-қимыл салдырын білу қажет. Қаржылық тәуекелді есептеудің статистикалық әдісінің негізгі құралдары: дисперсия, вариация және стандартты (орташа квадраттық) ауытқу болып табылады.

